АЙҚЫН

Жүніс САХИЕВ:

Ғылыми-фантастикалық романымдағы бірер идеямды Австрия ғалымдары жүзеге асырып та үлгерді

3-БЕТ

Ақ сөйле!



Советбек МАҒЗҰМОВ (фото)

Сұхбат

Жүніс САХИЕВ, жазушы-фантаст, Қазақстан Жазушылар одағы сыйлығының лауреаты:

Ғылыми-фантастикалық романымдағы бірер идеямды Австрия ғалымдары жүзеге асырып та үлгерді

– Жүніс аға, қазақ әдебиетінде салыстырмалы түрде кейінірек қалыптасқан, көп жұрт үшін таңсықтау фантастика жанрымен сіз жас шағыңыздан әуестеніпсіз. Оған не себеп болды немесе кімдер ықпал етті?

– Жұлдызды әлемге деген қызығушылығым әкем Сәдуақас (Сахы – ол кісінің достары «жомарт» деген мағынада қойған лақап аты) пен анам Құлханыстың аспан әлемі жайлы айтқан аңыз-әңгімелерінен басталды. Өзім күнде көріп, бақылап жүрген жұлдыздарға «ұшып барсам» деген ой-арманымды ақ қағазға түсіруге деген ынтам бесінші сыныпта оқып жүрген кезімде Онтүстік Қазақстан облысында сапарда жүрген ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің біздің ауылға, мектебімізге келуінен кейін ерекше күшейді. Ал жоғары сыныпта оқып жүрген кезімде мен қазақтың жазушы-фантастары мен шетел жазушы-фантастарының ғылыми-фантастикалық шығармаларына ден қойдым. Мені, әсіресе, Жюль Верннің жазғандары қатты қызықтырды. Мақтағаным емес, менің ұстаздарым өте білімдар мұғалімдер болды. Астрономия, физика, биология, химия және басқадай сабақтар міндетті түрде тәжірибемен ұштастырылып отыратын. Мектебімізде кейбір қала мектебінде бола бермейтін мектеп телескобы бар болатын. Біз онымен талай рет жұлдыздарды, Күн мен Айды, олардың жартылай, толық тұтылуларын, күйрықты жұлдыздарды бақыладық. Жазғы каникул кезінде ұстаздарымыз міндетті түрде таулы аймаққа экскурсия ұйымдастыратын. Содан біз бір замандағы көлдің орны – Әулиесай саласына, алғашқы кездегі адамдар мекен еткен «Жеті отау» үңгіріне, қиын-қыстау заманда қыс мезгілінде аң аулап, етін елге таратып, елді аштық пен жалаңаштықтан сақтаған ағайынды Айқынбай мен Теңізбай, бір кездері елге парасаттылығымен сыйлы болған бір әулие мекен еткен «Ақмешіт әулие» үңгірлерінде талай рет болып, олар жайлы көп мағлұматтар алдық. Солардың ішінде маған «Ақмешіт әулие» үңгірі ерекше әсер қалдырды. Ол үңгір делінгенмен, оған ұқсамайтын еді. Іші бір ертегі. Бүгінде оған түсіп-шығатын темір саты орнатылған. Тап бір жерасты елі секілді. Мен «Кеңістік көшпенділері» жалпы тақырыпты авторлық сериалы ғылыми-фантастикалық романдарымның ең біріншісі – «Тіршілік ұясы» ғылыми-фантастикалық романымды 1971 жылы сонымен байланыстырып жаздым. Ал 1999 жылы оған арнайы барып суретке, бейнефильмге түсірдім. Кейін суретті мұқият қарасам, оның ойығының пішіні тап құйрықты жұлдыздың ядросының пішінінен аумайды екен.

– Сіздің талай анықтамалық кітаптарда, энциклопедияларда жарияланған шығармашылық өмірбаяныңыздың бәрінде де еңбек жолыңызды байланыс саласынан бастағаныңыз және сол салада телеграфшы, қысқа толқында жұмыс жасайтын радиостансаларда радист болғаныңыз, сонымен бірге Қазақстан Республикасының Гидрометеорология қызметінде ауа райын бақылаушы болғаныңыз жөнінде айтылады. Бұл сіздің ғылыми фантастика жанрына астрономия, техника, гидрометеорология салаларын игеріп барып келгеніңізді білдірсе керек. Ал ақ қағазға түсірген сол ой-армандарыңыз мерзімді баспасөзде қай кезден бастап жариялана бастады?

– Еңбек жолымды техника саласынан бастауыма Айға, Шолпан мен Қызыл ғаламшарға қарай ғаламшарлық ғарыш кемелерінің аттандырылуы мен 1961 жылы Жер төңірегіндегі ғарыш кеңістігіне адам баласының ұшып шығуы ықпал етті. Мен адам баласының ақыл-ойы мен қиялының сондай техникалар көмегімен жүзеге аса алатынына қызықтым. Ал ондай сапарда байланыс басты рөл атқарады. Бірақ мен жазуымды тастаған жоқпын. Қайта түн мезгілдерінде телеграф аппараты босаған кезде (біз оның клавиштерін он саусақпен, көдімгі баян немесе рояльда ойнағандай қарамай басамыз) мен алғашқы туындыларымды басатынмын. Сонда «Шіркін-ай, осы туындыларым кітап болып шықса, талмай жаза берер едім, жаза берер едім» деп ішімнен талай армандағаным да есімде. Сол туындыларымның алғашқылары аудандық «Алғабас» газетінде жарияланып жүрді. Дегенмен оқырман жұртшылыққа менің есімім мен шығармашылық әлеуетім 1973 жылы «Қазақстан пионері» газетінде жарияланған «Атлантида жаңғырығы» атты ғылыми-фантастикалық повесть-бурімеден бастап кеңірек таныла-ау деп ойлаймын. Ол менің республикалық мерзімді басылымдағы алғашқы жетістігім болды. Одан кейін жекелеген ғылыми-фантастикалық шығармаларым «Білім және еңбек» ғылыми-көпшілік журналында тұрақты жарияланып тұрды

– Сіз қазақ әдебиетіне сериалы ғылыми-фантастикалық романдар әкелу жолында да аз тер төккен жоксыз. Осы жолыңыздағы қиын кезеңдерге тоқтала кетсеңіз?

– Өзім қиын дейтін кезеңге сериямның алғашқы үш ғылыми-фантастикалық романын толық нұсқасында жариялай алмаған уақытымды жатқызар едім. Бірақ олардың бәрінің де түпнұсқасы, қолжазбасы сақтаулы. Оларды сол қалпында жариялау жоспарымда бар. Ал еліміз тәуелсіздік алған тоқсаныншы жылдардан бастап маған үлкен жол ашылды. Сериямның төртіншісі – «Көктен келген көшпенділер» атты ғылыми-фантастикалық романым 1999 жылы «Жазушы» баспасынан толық нұсқасымен жарық көрді.

– «Ғылыми фантастика жанры – ауыр жанр» деген бекер сөз емес. Ал осы жанрда сериалы ғылыми-фантастикалық романдар тудыру тіпті қиынның қиыны шығар? Өйткені жанрдың әдеби көркемдігі мен кейіпкерлері, әдебиетке тән талаптарын былай қойғанда, шығарманың болашақ ғылыми жаңалықтарға бағдар беріп, ой тастайтын жағы тағы бар дегендей...

– Бұл ойыңыз дұрыс. Мен астрономия ғылымымен жастайымнан айналысып келемін ғой. Дүкеннен өзім сатып алған сынардүрбі арқылы жұлдызды әлемге талай бақылау-зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Оларды көзбен көрмей, көңілмен сезінбей тұрып қолыма қалам ала алмаймын. 1975 жылы болып өткен Айдың толық тұтылуына жасаған бақылау-зерттеуімнің нәтижесі Мәскеуден шығатын ғылыми-көпшілік «Земля и Вселенная» журналында жарияланды. Ал 1988 жылы қыркүйек айында Қызыл ғаламшар – Марстың ұлы қарсы тұруы (Жерге ең жақындаған кезі) кезінде сынардүрбінің түрлі түсті шыны сүзгілері арқылы мұқият бақылау-зерттеу жүргізіп, оған арнаған альбомға көдімгі қара карындашпен оның өз көзіммен көрген материктері, «Ақ қалпақ» атанған қарлы аймағы мен ойпаттары, құмды дауыл құйынының 60 суретін салып, ол суреттердің өрқайсысына қазақ және орыс тілдерінде ғылыми түсініктемелер жаздым. Ол еңбегім астрономия ғылымына үлес болып қосылды. Нәтижесінде,1990 жылы қаңтар айында Қазақ Ұлттық Ғылым академиясы Астрофизика институтының астроном ғалымдары мен Мәскеуден шығатын «Астрономический вестник» ғылыми-көпшілік журналының астроном қызметкерлерінің ұсынысымен КСРО Ғылым академиясы Физика-математика бөлімі құрамындағы Бүкілодақтық Астрономия-геодезия қоғамына толық мүше болып бекітілдім. Билетін алдым, төсбелгісін тақтым. Бұл лауазым менің астрономия ғылымына деген ынтамды арттырды. Сол ізденістерден менің сериялы ғылыми-фантастикалық романдарыма өзек болған жаңа идеялар туындады, әлі де жалғасып келеді. Ғылыми ізденіссіз ғылымға ой салатын жаңа идея ешқашан да тумақ емес. Ал жаңа идеяның жаңалық ашуға бастама болатыны талай дәлелденген. Мәселен, ғылыми-фантастикалық романдарымның сериясындағы жетіншісі – «Шолпанға көшкен ауылда» айтылған тұтастай бір ауылды жарық сәулесімен кеңістіктегі алапат жарық жұтқыш денемен сорып алып, Жерден Шолпанға апарып қоныстандыра салу жөніндегі идеямды, лазер сәулесімен қандай да бір затты секундтың бөлшегіндей ғана уақытта бөлшектеп жіберіп, сорып алып, екінші жерге қайтадан сол қалпында қондыра салу тәжірибесін Австрияның ғалымдары жасап та үлгерді. Бұл жөнінде Шәмшиден Әбдіраман «Әдебиет айдыны» газетінде жарияланған осы кітап жөніндегі мақаласында анық айтқан еді. Сол сияқты сериямыздың «Жанбыр жауғанда» атты ғылыми-фантастикалық романындағы жауып тұрған жанбырды тоқтату немесе жаудыра салу идеясы да бүгінде жүзеге аса бастады. Ал осындай әлі ғылымға белгісіз идеялы ғылыми-фантастикалық романдар тудыру үшін қаншама ғылыми ізденістің қажет болатыны түсінікті шығар.

– Сіз жұлдызды әлемді бақылау-зерттеумен әлі де айналысасыз ба?

– Әлбетте. Мен өзім құрастырып алған «Жұлдызды аспанның жылжымалы картасы» арқылы қай жұлдыздың шығыс көкжиектен қай айда, қай күні шығатынын оны айналдыру арқылы күнделікті біліп отырамын. Оған аспанның бұлтты, бұлтсыз болуының қатысы жоқ. Бүгінде мен бақылау-зерттеуді жұлдыздарды 525 есеге жақындатып көрсететін шетелдік, өзі шағын әрі жеңіл сынардүрбімен жүргіземін. Қажетіне қарай шетелдік фотоаппарат пен бейнекамераны да қолданамын. Бейнекамерамен Қызыл ғаламшар және Күн мен Айдың тұтылуларын түсіріп алдым. Бейнекамераның бір артықшылығы – ол түсіріліп жатқан жыл мен айды, күн мен сағат, минутты жазып тұрады.

– Арғы төркіні қиял-ғажайып ертегілерінде жатыр десек те, қазақтың кәсіпқой ғылыми фантастикасының Ақжан әл-Машанидің «Жер астына саяхат» атты ғылыми-фантастикалық романынан бастау алатыны белгілі. Өзіңіз биылғы мамыр айында ғұламағалым Ақжан ақсақалдың туылғанына 100 жыл толуына орай Алматыда ЮНЕСКО шеңберінде болып өткен Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, «Ақжан әл-Машани – қазақ ғылыми фантастикасының негізін салушы» деген тақырыпта баяндама жасапсыз. Ал сол ғұлама ғалымның сіздің ғылыми фантастика жанрына келуіңізге және осы жанрда бірінші болып бастап жазған сериалы ғылыми-фантастикалық романдарыңыздың жазылуы мен жариялануына ықпалы қандай болды?

– Мен «Кеңістік көшпенділері» деп жалпы айдар қойған авторлық сериялы ғылыми-фантастикалық романдарымның ең алғашқысын ілгеріде айтқанымдай, 1971 жылы жаздым. Бірақ оның толық нұсқасын ә дегеннен баспадан шығарудың реті келмеді. Оны ықшамдап әңгіме нұсқасында жинақ етуіме тура келді. Сөйтіп, ол 1983 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрді. Ал 1985 жылы Алматыда қазақ ғылыми фантастикасының жай-күйі хақында қазақ телевизиясы бірнеше жазушы-фантастармен сұхбат ұйымдастырды. Ол сұхбатқа Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани де шақырылған екен. Мен қазақ ғылыми фантастикасы жөніндегі өз ой-толғамдарымды айтып болғаннан кейін, ол кісі мені жанына шақырып алып, сөзімді ұнатқанын білдіріп, хабарласып тұруымды ұсынды. Содан бастап ол кісімен өмірінің соңына дейін байланысымды үзген жоқпын. Ал ықпалы дегенде, ол кісі менің талпынысымды өз әкемдей қолдап-демеп отырғанын айтуым керек. Сериямның екіншісі – «Борыш» ғылыми-фантастикалық романыма байланысты жанрды түсінбеушіліктен, баспа тарапынан басылып шығуына кедергі туғанда, Ақжан аға қолжазбамды алдырып, бір ай бойына асықпай оқып шығып, алғысөз жазып берді. Алғысөзін ол кісі «Мен Жүністі қазақ халқының салт-дәстүрі мен озық ойын халықаралық аренада таныта алатын жазушы-фантаст деп білемін» деп аяқтапты. Бұл сөздеріне күмән келтірген баспаның бір редакторы ол кісіге телефон шалыпты. Мен оны білмеймін. Бірде Ақжан аға маған солай болғанын, өзінің оларға қатты ренжіп, менің шығармамның мазмұнды екенін айтқанын жеткізді. Кейіннен Ақжан аға екеуміз бірлесіп «Астрономия» кітабын жаздық. Оны жарыққа шығару менің алдағы жоспарымда бар.

– Ғылыми фантастика жанрын игерудің оңай шаруа емес екенін өзіңіздің шығармашылық жолыңыздан байқап отырмыз. Өткен ғасырымыздың алпысыншы, жетпісінші жылдарында қазақ жазушы-фантастардың қатары біраз еді. Ал бүгінде осы жанрда қалам тербеп жүрген қаламгерлер сирек-ау, қазір осы нешеуміздер?

– Бұл тұста менің ойыма ел арасында тараған мына бір жұмбақ түседі. Бір ата-ананың үш ұлы бар. Олардың әркайсысының бір-бір қарындасы бар. Сонда олар нешеу? Бізде де тап осындай жұмбақ орын алып тұр. Өкінішке қарай, бүгінде ғылыми-фантастикалық шығарма жазғаннан гөрі, тиын-тебені тезірек төленетін басқа жазба кәсіппен айналысу тиімді. Сондықтан да Қазақстан Жазушыларының былтырғы жылғы маусым айының 5-6-сы күндері болып өткен XIII құрылтайында одақтың ғылыми-фантастика секциясының төрағасы, өзі де жазушы-фантаст, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Шәмшиден Әбдіраман екінші мыңжылдық басталғаннан бергі уақытта, екі құрылтай аралығында менен өзгелердің жаңа кітаптары шықпағандықтан, олардың атыжөндерін ғана тізіп айтып шығуға мәжбүр болды. Дегенмен сол құрылтайдың мінберінен қазақ әдебиеті тарихында алғаш рет қазақ ғылыми фантастикасының бүгінгі жетістігі жөнінде баяндама жасаудың мүмкіндігі туғаны – Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының ғылыми фантастика жанрына жасаған үлкен ілтипаты мен қамқорлығы дер едім. Шәмшиден Әбдіраман құрылтайда жасаған «Қазақ ғылыми фантастикасының өрлеу кезеңі» деген тақырыптағы баяндамасында негізгі назарды Қазақстанда сериялы ғылыми-фантастикалық романдар жазуды бастаған алғашқы жазушы-фантаст ретінде «Кеңістік көшпенділері» деп жалпы айдар қойған авторлық сериялы ғылыми-фантастикалық романдарымның бесіншісі – «Марстан шыққан жаңғырық», алтыншысы – «Қимайтын әлем», жетіншісі – «Шолпанға көшкен ауыл», сегізіншісі – «Космотарих куәсі» және тоғызыншысы – «Су әлемінің саздары» ғылыми-фантастикалық романдарымыздың ғылыми мазмұнына аударған. Оған мың да бір рақмет айтамын.

– «Біткен іске сыншы көп» қой. Бірақ жазушы-фантастарды қанша аз десек те, олардың жарық көріп жатқан кітаптарына сыни көзқарас болуының ешқандай сөкеттігі жоқ шығар, қалай ойлайсыз? Сын қайта шыңдай түспей ме?

– Дұрыс айтасыз. Олжас Сүлейменов ілгеріректе Қазақстан Жазушылар одағында болған бір жиында «Қазақ ғылыми фантастикасында шығармадан гөрі, оған жазылып жүрген сыни мақалалар көп» деген болатын. Менің сериалы ғылыми-фантастикалық романдарымды тездетіп жарыққа шығаруға деген талпынысыма осы сөз де қамшы болды. Олжас ағаның сөзінің жаны бар еді. Белгілі де белсенді жазушы-фантаст ағамыз Абдул-Хамид Мархабаев жанрды өзі жазудан гөрі, оны зерттеуге біржолата бет бұрып кетті. Осы жанрда кандидаттық диссертация қорғады. Ал докторлықты қорғау жолына көп жылдарын сарп етті. Кандидаттық диссертацияны Төлеш Сүлейменов те қорғады. Бұл екі ғалымымыз да талдайтын нысан – шығарма аз болғандықтан, қазақ ертегілері мен шетел жазушыларының шығармаларын талдап, соларды ғана мысал етуге мәжбүр болды.

– Ал өзіңіздің сериялы ғылыми-фантастикалық шығармаларыңызға жазылған сынға көңіліңіз тола ма?

– Орыс жазушысы Михаил Шолоховқа осындай сұрақ қойғанда «Мен сын оқымаймын» деп жауап берген екен. Ал мен оқимын. Сол сыннан өзімнің мүлт кеткен тұстарымды іздегім де келеді. Бірақ, өкінішке қарай, сын жазушылардың ғылыми фантастика жанрының табиғатын толық түсінуден аулақ екенін көргенімде, тек күрсінумен шектелемін. Рас, ғылыми фантастиканы жақсы түсініп, адал талдайтын үлкен ғалымдарымыз бар. Бірақ олар онымен тұрақты айналыспайды. Жанрды дұрыс түсінбеушіліктен, тек қана кітап басылып шыққаннан кейін ғана емес, оны бастырар алдында да кедергілер кездесіп жатады. Түсінетін баспагерге немесе мерзімді басылым қызметкеріне тап болсаң, оның жөні бөлек қой.

– Өзіңіздей фантастика жанрының ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген қаламгер-әріптестеріңіздің тым аздығы белгілі болды. Жүгі ауыр жанр болған соң, оны жазуға лайық жағдай әр кез бола бермейтін болған соң, бұл жанрдан сырғақтап кететін кездер жиі болуы заңдылық та шығар. Өзіңіздің көп жазуыңызға қандай жағдайлар жасалды отбасыңызда? Жалпы, сіз күй таңдағыш қаламгер емессіз-ау дейміз...

– «Маған әуелі бес бөлмелі пәтер, содан соң даладай үлкен жазу үстелі, алтын қаламұшты қалам керек. Мен содан соң ғана жазуға отырамын» дейтін жазушыны өз басым нағыз талант деп айта алмаймын. Бүгінде жазуға да, кітап шығаруға да барлық жағдай бар. Тек соған деген шын ынта мен ықылас болса. Бойында табиғи таланты, басында идеясы мол жазушы ешқашан да шыдап отыра алмақ емес. «Уақыт жетпейді», «Қолым тимей жүр» деген сөздердің бәрі де жай сылтау. Орыстарда «Жұмыс жасағысы келген адам жолын, жасағысы келмеген адам себебін іздейді» деген тамаша сөз бар. Менінше, кейбір жазушыларды жазудан гөрі, басқа қызықты нәрселер шақырып тұрады. Адам бұл дүниеге өзі үшін ғана емес, халқы үшін еңбек етуге келеді. Ол қалдырған еңбекті халқы ғана бағаламақ. Ол ұрпаққа жалғаспақ. Сондықтан да бойына біткен талантын сарқа пайдаланып, уақыттан ұтылмай, еңбек еткен дұрыс дер едім. Көптеген ұлы ақын-жазушыларымыз, ғалымдарымыз шығармалары мен ғылыми еңбектерін аттың жалында, түйенің қомында, қуғын-сүргінде жүріп жазды емес пе? Онымен салыстырғанда, бүгіндегі компьютерлі заманда жағдай жоқ дегенге кім сенеді?!

– Кезінде кино әуескойы болғаныңызды да білеміз. Оған да ғарыш, жұлдыздар әлеміне құштарлығыңыздың бір себепшілігі болды ма? Қалай бастап едіңіз?

– Оны бастауыма анам Құлханыстың Алматыға келуі себеп болды. Оған дейін анам Алматыға әрбір келгенінде суретке түсіретінмін. Бір жолы киноға түсірдім. Кейін ол фильміме «Құлханыс ана» деп ат қойып, бейнефильмге көшірдім. Режиссері де, түсірушісі де, сөзін жазып, әуенмен әрлеуші де өзім болдым. Одан кейін тоқсаныншы жылдары әуеской кино өнері жөнінде республикалық ғылыми-көпшілік «Зерде» журналында арнайы сабақ жүргіздім. Сөйтіп, бейнефильм түсіру менің тағы бір өнеріме айналды.

– Сізді домбырамен күй тартудан да кенде емес деп естиміз...

– Қадыр ақын айтқандай, «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» дегені бар ғой. Домбыраны шерте алмайтын қазақ сирек шығар. Қазақ ертегілерінің негізінде шығарылған бір фильмде қаһары төнген адамын тасқа айналдырып жіберетін Тасбол есімді қарақшы домбырадан төгілген күйге төтеп бере алмай, өзі тасқа айналып кетпейтін бе еді?! Сондай қасиетті, сондай құдіретті домбыраны ұстамау, шертпеу, тым болмаса ынталанбау күнә да шығар. Мен мектеп қабырғасында жүрген кезімде-ақ күй тарттым. Университет қабырғасында домбыра оркестрінде болдым, соңғы курста домбыра оркестрін басқардым. «Сарыарқа», «Адай», «Көңілашар», «Балбырауын» сияқты дүбірлі күйлер менің делебемді қоздырады. Оркестрмен бірге жүргенімде ондай сазды әуеннен артық бұл дүниеде рахат-ләззаттың болмайтынын түсіндім. Домбыраны ешқашан да қолымнан тастаған емеспін.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Батырболат АЙТБОЛАТҰЛЫ